«Мем» лексемасы (ағылш. «meme», «mimeme» сөзінің қысқарған түрі) гректің «mimesis» («ұқсас», «секілді», «сияқты» дегенді білдіреді) сөзінен шыққан. Д. Зиядин мем терминін 1904 жылы зоология саласында алғаш қолданғандардың бірі Р. Земон болды деп көрсетеді (Зиядин, 2020). Аталған бірлік 1967 жылы шыққан ағылшын биологі Р. Докинстің «Өзімшіл ген» (Докинз, 2013) атты ғылыми еңбегінде де ұшырасады. Ғалым «мәдени ақпарат бірлігі» осы ұғыммен белгіленетінін, биологиялық ақпарат секілді мәдени ақпарат та мемдерден тұратынын айтады. Ол бұл мәдени бірлік көшіру немесе еліктеу арқылы бір адамнан екіншісіне тарайтынын, Ч. Дарвин ілімі мәдени эволюцияның механизмдерін ашуға мүмкіндік беретін әмбебап әдіске айналғанын пайымдайды. Зерттеуші «мемді» мәдени трансмиссияға жауап беретін «мәдени репликатор» ретінде таниды және мем мысалдарына белгілі бір ұлттың мәдени ерекшеліктерін, музыканы, менталды ойлау тәсілдерін, қанатты сөздерді, ұлттық киім үлгілерін, сәулет нысандарын, әндерді, фольклор элементтерін, діни өзгешеліктерді, яғни мәдениетте синтезделетін, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әрі өзінің кейпіне «ұқсас» болатындарды жатқызады (McGrath, 2005, 122 б.).

Интернет-мем – интернетте еркін қозғалысқа түсетін ақпарат бірлігі. Ол – «ақпаратты жеткізудің визуалдылығын арттыратын үдеріс, әлеуметтік желі қолданушыларының еш дайындықсыз жазба тілін бейнелеуге қабілетті, жазбаша ментальдылықтың жаһандық дамуының когнитивтік құрамдас бөлігі» (Курманбекова, 2023, 43 б.). Қарым-қатынас теориясы тұрғысынан бұл құбылыс байланыс құралы ретінде де тұжырымдалады (Мигранова, 2015). Кейбір зерттеушілер интернет-мемді «сөйлеу жанры» (Горошко, 2007; Щурина, 2015), Н.Г. Марченко «желілік қоғамдастықтың мәдени кодтарының қоймасы» деп санайды (Марченко, 2013). Ал С.В. Канашина интернет-мем «интернет-коммуникациядағы полимодальды дискурстың ерекше түрі» деп түсінеді (Канашина, 2018). Ғалым «Интернет-мем дегеніміз не?» зерттеуінде интернет-мем жайлы тілдегі көзқарастарды түйіндей келе, оған «жалпы жұртшылықтың интернет-мем жөнінде қалыптасқан стереотиптік түсінігі – мәтін мен суретті шаршы жақтауға біріктірген интернет-коммуникация бірліктерінің бірі» деп «әмбебап», «жалпы» анықтама береді (Канашина, 2017). Алайда бұл анықтама оның толық бейнесін ашпайды. Дей тұрғанмен, ол интернет-мемді мәтін деп түсінуге негіз болғаны анық.

Мақаланың *мақсаты* – қазіргі мәдени интернет кеңістігіндегі интернет-мем құбылысын креолды медиамәтін ретінде сипаттап талдау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей *міндеттерді* шешу көзделді:

- медиакеңістікте жүзеге асырылатын интернет-феномен ерекшеліктерін мәтін ретінде анықтау;
- меметикалық интернет-мәтіндердің қалыптасу кезеңдерін сипаттау;
- интернет-мемдердің танымал болу алғышарттарын ашып, олардың таралу үдерісіне әсер ететін факторларды айқындау;
- келтірілген интернет-мемдердің вербалды және графикалық компоненттеріне тілдік талдау жасау.

*Зерттеудің теориялық маңыздылығы* интернет-мемнің креолды мәтін ретіндегі бірегейлігін анықтаудан көрінеді: зерттеу барысында шығарылған түйіндер

жалпы дискурс пен мәтін теориясына, креолды мәтінді, қазіргі медиакоммуникация теориясын зерделеуде өзіндік үлес қосады.

*Зерттеудің практикалық маңыздылығы* бейвербалды және вербалды элементтерді бойына жинақтаған креолды медиамәтін ретіндегі интернет-мем дәстүрлі дереккөздер секілді ауызекі тілді байытудың (жаңа лексемалардың пайда болуы, бұрынғылардың жаңа қырдан қарастырылуы, сондай-ақ тұтынушыға қажетті коммуникативтік-әсер етуші кейбір стилистикалық амалдардың пайдаланылуы негізінде) бір жолы болып табылады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін қолдану жүргізілген талдаудың маңыздылығын айғақтайды.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу материалы ретінде интернет-коммуникация бағытында жарық көрген ғылыми еңбектер, қазіргі интернет кеңістігіндегі интернет-мемдер алынды. Интернет-мем медиа-коммуникация құбылысы тұрғысынан қарастырылды.

Жұмыста алға қойылған мақсат-міндеттерге орай сипаттау, салыстыру, салғастырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Бүгінгі күнге дейін интернет-мем құбылысын түсінуге әрі сипаттауға біртұтас кешенді тәсіл табылған жоқ. Алайда «мәдени ген» секілді интернет-мемнің бастапқы түпнұсқаға барынша жақындығы оның вирустылығы мен қайталануынан көрінеді. Интернет-мемдегі мәтіндік ақпарат өзге ұқсас интернет-мемдерді құру арқылы қабылдауға, көбейтуге және кейін таратуға ықшамдалған, шағын әрі қарапайым, оның визуалды бейнесі тартымды әрі реципиент жылдам түсінетіндей болып келеді. Бұл онда кодталған мән мен ақпаратты тез әрі дәл «тануға» мүмкіндік береді. С.А. Шомова интернет-мемнің «сана-сезімге байланысты штрихкод» терминін қолданады. Ғалымның түсінігінше, ол – «мемнің белгілі бір функционалдық қасиеттеріне негізделген метафора. Бұл құбылыс тек мәдени кеңістік құрылымы тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ бейсаналық контексте де қарастырылады» (Шомова, 2018, 12 б.). Меметикалық мазмұндағы хабарлама санадан тыс деңгейде (егер адам өзін мемде ненің күлуге әкелгенін немесе ызасын келтіріп, ашуландырғанын толық түсінбегенше, мемнің білдіретін «месседжісін» бойынан өткізбегенше немесе мемнің мазмұнын қандай да бір жолмен санасынан алып тастамағанша) ықпал етеді.

Өз кезегінде «интернеттің» техникалық платформасы виртуалды коммуникацияның негізін құрайды. Бұл интернетті медиалық конституенттер кеңістігінен, яғни «әртүрлі трансұлттық қауымдастық элементтері қатар өмір сүретін орта, адамдар кездесетін, өзара қатысымға түсетін және түрлі нәрселер жасайтын орын» – киберкеңістіктен тұратын коммуникация ретінде сипаттайды (Runkehl, 1998, 27 p.). Дүниежүзілік интернет желісі медиакеңістік ретінде өзінің техникалық және коммуникациялық негізінен басқа әлеуметтік компонентке де ие; интернет тек виртуалды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік кеңістік те болып табылады, оның белгіленуіне әлеуметтік желілер мен түрлі хабар алмасу платформаларын құру түрткі болды. Демек, осы зерттеудің нысаны – киберкеңістікте жүзеге асырылатын интернет-мем – белгілі бір символдық сипаттамаға ие креолды медиамәтіннің ерекше түрі. Т.Е. Савицкая интернет-мемді жаңа, тарихи тұрғыда бұрын-соңды болмаған



элеуметтік-мәдени құбылысты тіркейтін, желіде өмір сүретін репродуктивті мәдени ақпарат ретінде түсінуді ұсынады (Савицкая, 2013).

С.А. Шомова интернет-мемдердің медиатабиғатын сипаттайтын және оларды желілік хабарламалардың басқа түрлерінен айқын ажырататын келесі ерекшеліктерін айқындайды:


- интернет-мемнің екі бөліктен тұратын құрылымы;
- интернет-мемнің медиакеңістіктегі репликацияға қабілеттілігі;
- интернет-мемнің ирониялық сипаты;
- интернет-мемдердің бір-бірімен және жалпы медиаортамен күрделі, шығармашылық, таңғажайып қиылыстармен байланыстылығы;
- интернет-мемнің интерактивтілігі;
- интернет-мемнің ұжымдық бейсаналықпен тығыз байланысы: «мем – бұл көптеген адамдардың санасында қорғаныс тосқауылын бір уақытта бұзудың тиімді әдісі»;
- интернет-мемнің қос табиғаты (Шомова, 2018, 19-27 бб.).

М. Кронгауздың пікірінше, интернет-мем дәл беруге емес, бұрмалауға немесе жаңа контекстерге ұмтылады. Негізінен, мем тосыннан пайда болады: ол күлкілі жағдайларда және түрлі иконикалық компоненттермен қолданылады (Кронгауз, 2012).

Интернет-мемдегі визуалды компонент вербалды элементтің мағынасын барынша ашуға немесе оның коннотациясын толығымен өзгертуге – басқа мағына беруге қызмет етеді. Мұндай түрдегі креолды мәтіндер адамның жадында «сақталады» және болашақта қолда бар мәтіндерге негізделген басқа ұқсас мәтіндерді «декодтайды», оларды дұрыс қабылдауға көмектеседі (Голованова, 2015).

Бүгінгі күні жаңа интернет-мемді жасау ескісін ұмытқан сияқты оңай: сұраныс бойынша пайдаланушыны қызықтыратын мем интернет кеңістігіне орналастырылады және оның шаблону бойынша түпнұсқадан қатты ерекшеленбейтін басқасы жасалады. Бұл «көшірілген» мем-идеялардың көп мөлшерін ғана емес, сонымен қатар интернет-мемдердің қарапайымдылығы мен өзара ұқсас болып келетіндігін көрсетеді. Алайда шынымен жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті интернет-мем жасау өте қиын, ол үшін автор көп күш жұмсайтыны анық: интернет-мем креативті, қызықты, ал оның идеясы тың әрі көкейкесті болуы тиіс. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, мынадай түйін шығаруға болады: кей мемдер желіде ұзақ уақыт «өмір сүреді», екіншілері келесі күні ұмытылады, үшіншілері тіпті елеусіз қалады, ал төртіншілері қандай да бір пайдаланушының кездейсоқ назарының арқасында кенеттен «қайта жанданады». Негізінен, мемнің пайда болып, таралуына төмендегідей факторлар әсер етеді.


Біріншіден, интернет-мем болып жатқан оқиғаларды ирониялық түрде бейнелейді. Мысалы, Украина президенті В. Зеленскийдің отырыс кезінде кінәлі хатшыға бағытталған «Осы жерден кет, қарақшы» деген сөзі жаңа мемдер жасауға негіз болғаны белгілі (Сурет 1).



Сурет 1 – «Осы жерден кет, қарақшы» интернет-мемі

Интернет-мемнің вербалды бөлігінде комикс мәтіндеріне тән элементтерді жиі кездестіруге болады: бірінші суретте \*әке\*, екінші суретте – \*бөлмеге ұшып кірді\* сөздері «жұлдызшаларға» алынған. Бұндай элементтер одан әрі жалғасын табатын нысанды білдіреді немесе сәйкесінше оның әрекетін сипаттайды.


Екіншіден, жоғары сапалы интернет-мемнен пайдаланушылар өздерін, кейбір шынайы жағдайларын немесе өмірдегі қызықты сәттерін көреді (Сурет 2).



Сурет 2 – «<Бұл> мен таңертең жаңа мемдерге қарап отырмын» интернет-мемі

Американдық «Губка Боб – квадратшалбар» мультипликациялық сериялының кейіпкерлері ертеден-ақ интернет-мем нысаны болғаны аян. Бұл мысалдан (Сурет 2) әр белсенді пайдаланушыға таныс таңертеңгілік рәсімге айналған жағдайды байқауға болады: «Me every morning looking at the new memes» / «Мен таңертең жаңа мемдерге қарап отырмын».

Үшіншіден, меметикалық медиамәтіндердің басты кейіпкерлері көбінесе сыртқы қасиеттерімен назар аудартатын объектілер/субъектілер болып табылады. Мысалы, мысықтар, күшіктер, қозылар, лақтар, тіпті сүйкімді бүлдіршіндер т.т. – барлығы пайдаланушыны «сүйсінуге» және «жымиюға» әкеледі, интернет-мемде өзінің жақсы көретін жануарын немесе адамын тануға, жай ғана оған таңдана қарауға итермелейді (Сурет 3).



Сурет 3 – Бүлдіршіндер мен мысықтар интернет-мемі

Төртіншіден, интернет-мемдер тек көкейкесті оқиғаларды ғана емес, сондай-ақ танымал медиатұлғалардың, шоу-бизнес, өнер, кинематография, спорт өкілдері мен саяси және қоғам қайраткерлерінің т.б. мінез-құлық ерекшеліктерін, олардың кәсіби қызметі мен жеке өмірлеріндегі фактілерді ирониялайды немесе олардың «аузына сөз салу», яғни «тіл бітіру» арқылы белгілі бір нәрселерді, ішкі жан дүниені жеткізуге болады (Сурет 4).



Сурет 4 – «Балабақшаға барғым келеді» интернет-мемі

«Балабақшаға барғым келеді» интернет-мемінде (Сурет 4) режиссер Мартин Скорсезенің «Қарғыс атқандар аралы» (ағылш. Shutter Island) атты американдық детективтік триллеріндегі актер Леонардо Вильгельм Ди Каприо мен Марк Руффалоның суреті біріліп, оларды өзара қарым-қатынасқа түсірген. Бұдан тәрбиенің алтын бесігі – балабақша кезеңі өмірдің еш уайым-қайғысы жоқ жарқын да бақытты уақыт болып табылатыны жеткізілген.

М. Кронгауз интернет-мемдердің коммуникативтік бірлік ретіндегі өмірінің мынадай басты кезеңдерін ұсынады (Кронгауз, 2012):

- мемнің құрылуы және бастапқы реакция;
- мемнің таралуы;
- мемнің пайдаланылуы;

- мемнің жойылуы немесе мәртебесінің өзгеруі.

Бастапқыда мемдердің көпшілігі абсурдтық, оғаш және ерекше жағдайлардан, фразалардан, әндерден, клиптерден, фильм көріністерінен және т.б. туындайды. Көбінесе бұл форумдарда, әлеуметтік парақшаларда немесе сайттарда жүзеге асырылады. Егер мем өзге де пайдаланушылардың қызығушылығын тудырса, ол жылдам танымал болып, «үздіктердің» (топ) қатарына енеді. Кейін екінші – әзілді интернет кеңістігінде тарату кезеңі басталады. М. Кронгауз бұны «шығармашылық аймақ» деп атайды. Өйткені мем түрленіп, коммуникативтік кеңістікті көбірек «жаулап алуға» тырысады, интернет-мем өзгеріп, жаңа контекстер мен жағдайларға бейімделеді. Келесі кезең тұрақты болумен ерекшеленеді: интернет-мем желі арқылы көшіп жүріп, қатысымда жиі қолданылады және өмір сүру үшін «күреседі». Алайда бірде-бір интернет-мем жойылып кетуден «сақтандырылмайды», сұраныс әрдайым жаңа ережелерді талап етеді. Пайдаланушылар қызығушылығын оңай жоғалтып алуы мүмкін, сондықтан белгілі бір уақыт өткеннен кейін мемдер интернет-аудиторияға түсініксіз болып қалуы да ықтимал, себебі олар үнемі жаңарып, өзгеріп, түрленіп отырады. Өмірінің соңғы кезеңінде интернет-мем не жойылады, не өзінің мәртебесін басқа тілдік бірлікке ауыстырады: сөйлеуде мем тұрғысында емес, коммуникативтік-сөйлеу элементі ретінде қолданылады.

Е.Н. Лысенко еңбектерінде «көп жағдайда мемдер сөйлеуді қандай да бір сөздермен толтырудың, оны қабылдауға ыңғайлы етудің тәсілі болып табылатынын, мемде қатысымның жалпы тілдік тұжырымдамасымен көптеген ұқсастықтары барын» айтады (Лысенко, 2017, 411-б.). Тіл білімінде интернет-мемдерді, ең алдымен, интернет пайдаланушыларының эмоциялары мен әсерлерін білдіретін және поликодтық форматта ұсынылатын коммуникативтік бірлік ретінде қарастырған жөн. Осыған орай интернет-мемдердің мазмұны «адамның және тұтастай алғанда ұлттың моральдық әрі этикалық артықшылықтары мен құндылықтарын, саяси көзқарастары мен дүниетанымдары туралы мәліметтерді беріп қана қоймай, адамзаттың әр өкіліне ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлеуметтік топтарға психолингвистикалық әсер ету құралы ретінде әрекет етеді» (Левченко, 2018, 213-б.).

Қысқасы, интернет-мемді креолды медиамәтін ретінде тілдік тұрғыдан түсіндіру осы бағыттағы мәтіндердің прагматикалық қызметіне негізделіп жүргізілетінін атап өткен орынды. Зерттеу барысында интернет-мемнің құрылымына, оның басты идеясына және байланыс желісінде танымал болу себептеріне талдау жасалды. Зерттеуде интернет-мемнің тілдік тұрғыда жүзеге асырылуын саралау мәтін лингвистикасы үшін маңызды әрі толыққанды зерттелмеген проблема болып табылады. Бұл оны пәнаралық тәсіл аясында жан-жақты зерттеуге жол ашады.

### **Қорытынды**

Интернет-мемдерді тілдік тұрғыдан зерттеу, олардың семантикасы мен қызметін сипаттау өте күрделі әрі ауқымды мәселе болып табылады. Себебі талдаудың бастапқы кезінде зерттеушіге эмпирикалық материалды таңдау мәселесі тұрады: интернет-мемдер саны жағынан өте көп және күн сайын жаңалары, қызықтылары пайда болып отырады.

Интернет-мем құбылысы көпқырлы және оны түрлі аспектіде зерделеуге болады: интернет-мем медиамәтін немесе интернет кеңістігінде таралатын ақпарат

түрі, бірегей коммуникативтік бірлік әрі желідегі заманауи қатысым құралы болып табылады; кейде интернет-мем – сөйлеу жанры, ал тілдік тұрғыдан ол полимодальды интернет-мәтіннің жаңа түрі ретінде танылады.

Интернет-мем вербалды білдірілген идея және иконикалық компонент сынды қосдеңгейлі құрылымға ие. Вирустық және ирониялықтан басқа мемдердің бірқатарына интермәтіндік, креативтілік пен интерактивтіліктің түрлі дәрежелері тән. Интернет-мем – «сана-сезім коды».

Сонымен, пайдаланушылар арасында интернет-мемнің белсенді айналымға түсуі көп жағдайда оның танымал болуына ықпал етеді және өмір сүру ұзақтығын арттырады. Интернет-мемді құру мен алғашқы қабылдаудан бастап интернет кеңістігінде «ұмытылуына» дейін біршама уақыт өтуі мүмкін, түптің түбінде ол жойылады немесе ассимиляцияланып әрі қайта жанданып, жылдар бойы өмір сүруін жалғастырады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Голованова Е.И., Часовский Н.В. Интернет-мем как элемент визуализации в СМИ // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. № 5 (360). Вып. 94. Челябинск, 2015. С. 135–141.

Горошко Е.И. Теоретический анализ Интернет-жанров: к описанию проблемной области // Жанры речи. Вып. 5. Жанр и культура. Саратов: Издательский центр «Наука». 2007. С. 370–389.

Докинз Р. Эгоистичный ген / пер. с англ. Н. Фоминой. Москва: АСТ: CORPUS. 2013. 501 с.

Зиядин Д. Ел іші – мем кеніші [Электронды ресурс]. 24.06.2020. URL: <https://baribar.kz/132971/el-ishi-mem-kenishi/>

Канашина С.В. Что такое интернет-мем? // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. № 28 (277). Белгород, 2017. С. 84–90.

Канашина С.В. Интернет-мем как современный медиадискурс // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. № 8 (131). Волгоград, 2018. С. 125–129.

Кронгауз М. Мемы в интернете: опыт деконструкции // Наука и жизнь, 2012. № 11 [Электронный ресурс]. URL: <https://www.nkj.ru/archive/articles/21327/> (дата посещения: 09.11.2023)

Курманбекова З.Р., Саркенова Қ.Қ., Маликов Қ.Т. «Интернет-мем» және олардың түрлері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 1 (142). Астана. 2023. Б. 42–51.

Левченко М.Н., Изгаршева А.В. Креолизованный текст в системе «Интернет» // Вестник Московского государственного областного университета [Электронный журнал]. 2018. № 4. URL: <https://vestnik-mgou.ru>. DOI: 10.18384/2224-0209-2018-4-919 (дата посещения: 07.11.2023).

Лысенко Е.Н. Интернет-мемы в коммуникации молодежи // Вестник Санкт-Петербургского университета. Социология. Т. 10. Вып. 4. Санкт-Петербург. 2017. С. 410–424.

Марченко Н.Г. Интернет-мем как хранилище культурных кодов сетевого сообщества // Казанская наука. 2013. №1. С. 113–115.

Мигранова Л.Ш., Кромина Е.И. Интернет-мем как особое средство коммуникации // Вопросы современной филологии и проблемы методики обучения языкам: материалы третьей международной научно-практической конференции. Брянск: Брянская государственная инженерно-технологическая академия. 2015. С. 239–243.

Савицкая Т.Е. Интернет-мемы как феномен массовой культуры [Электронный ресурс]. URL: [http://infoculture.rsl.ru/donArch/home/KVM\\_archive/articles/2013/03/2013-03\\_r\\_kvms3.pdf](http://infoculture.rsl.ru/donArch/home/KVM_archive/articles/2013/03/2013-03_r_kvms3.pdf) (дата посещения: 01.11.2023).

Шомова С.А. Мемы как они есть. Москва: Аспект Пресс. 2018. 136 с.

Щурина Ю.В. Речевые жанры комического в современной массовой коммуникации. Чита: ЗабГУ. 2015. 223 с.

McGrath A.E. Dawkins' God: genes, memes and the meaning of life. Oxford: John Wiley & Sons. 2005. 202 p.

Runkehl J., Schlobinski P., Siever T. Sprache und Kommunikation im Internet. Überblick und Analysen. Opladen: Westdeutscher Verlag. 1998. 240 p.

### References

Golovanova E.I., Chasovskii N.V. (2015). Internet-mem kak element vizualizacii v SMI [Internet meme as the element of the visualisation in the media] // *Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Philology. Art criticism.* № 5 (360). Iss. 94. Chelyabinsk. S. 135–141.

Goroshko E.I. (2007). Teoreticheskij analiz Internet-zhanrov: k opisaniyu problemnoj oblasti [Theoretical analysis of Internet genres: description of the problem area] // *Zhanry rechi. Iss. 5. Genre and culture. Saratov: Nauka Publ.* S. 370–389.

Dawkins R. (2013). *Egoistichnyj gen* / per. s angl. N. Fominoj [Selfish gene / trans. from English N. Fomina]. Moscow: AST: CORPUS. 501 s.

Ziyadin D. (2020). El ishi – meme *kenishi* [The country is a storehouse of memos] [Electronds resource]. URL: <https://baribar.kz/132971/el-ishi-mem-kenishi/>

Kanashina S.V. (2017). CHto takoe internet-mem? [What is an Internet Meme?] // *Nauchnye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye nauki.* № 28 (277). Belgorod. S. 84–90.

Kanashina S.V. (2018). Internet-mem kak sovremennyy mediadiskurs [Internet meme as a modern media discourse] // *Izvestiya Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta.* № 8 (131). Volgograd. S. 125–129.

Krongauz M. (2012). Memy v internete: opyt dekonstrukcii [Memes on the Internet: a test of deconstruction] // *Nauka i zhizn'.* № 11. <https://www.nkj.ru/archive/articles/21327/>

Kurmanbekova Z.R., Sarekenova K.K., Malikov K.T. (2023). «Internet-mem» i ih vidy [«Internet memes» and their types] // *Vestnik Gosudarstvennogo universiteta imeni L.N. Gumileva.* Series: Philology. No. 1 (142). Astana. S. 42–51.

Levchenko M.N., Izgarshева A.V. (2018). Kreolizovannyj tekst v sisteme «Internet» [Creolized text in the Internet-system] // *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta [elektronnyi zhurnal].* № 4. <https://evestnikmgou.ru>. DOI: 10.18384 / 2224-0209-2018-4-919.

Lysenko E.N. (2017). Internet-memy v kommunikacii molodyozhi [Internet memes in youth communication] // *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Sotsiologiya.* Vol. 10. Iss. 4. Saint-Petersburg. S. 410–424.

Marchenko N.G. (2013). Internet-mem kak hranilishche kul'turnyh kodov setevogo soobshchestva [Internet-meme as a cultural code storage of internet-community] // *Kazanskaya nauka.* № 1. S. 113–115.

Migranova L.Sh., Kromina E.I. (2015). Internet-mem kak osoboe sredstvo kommunikacii [Internet meme as a special means of communication] // *Voprosy sovremennoj filologii i problemy metodiki obucheniya yazykam: materialy tret'ej mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferentsii.* Bryansk. S. 239–243.

Savitskaya T.E. (2013). *Internet-memy kak fenomen massovoi kul'tury* [Internet memes as a phenomenon of mass culture]. [http://infoculture.rsl.ru/donArch/home/KVM\\_archive/articles/2013/03/2013-03](http://infoculture.rsl.ru/donArch/home/KVM_archive/articles/2013/03/2013-03)

Shomova S.A. (2018). *Memy kak oni est'* [Memes as they are]. Moscow: Aspekt Press. 136 s.

Shchurina Yu.V. (2015). *Rechevye zhanry komicheskogo v sovremennoi massovoi kommunikatsii* [Speech genres of the comic in modern mass communication]. Chita: Transbaikal State University. 223 s.

McGrath A.E. (2005). *Dawkins' God: genes, memes and the meaning of life*. Oxford: John Wiley & Sons. 202 p.

Runkehl J., Schlobinski P., Siever T. (1998). *Sprache und Kommunikation in Internet. Überblick und Analysen*. Opladen: Westdeutscher Verlag. 240 p.

**К. С. Ергалиев**

*Павлодарский педагогический университет имени Э. Марғұлан,  
Павлодар, Республика Казахстан*

**Н. С. Сеитова**

*Павлодарский педагогический университет имени Э. Марғұлан,  
Павлодар, Республика Казахстан*

## ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ-МЕМА

**Аннотация.** В статье анализируется один из инструментов интернет-коммуникации, получивший в последнее время распространение в социальных сетях, – интернет-мем. Интернет-мем – это уникальная коммуникативная единица, имеющая двухуровневую структуру: языковую (вербальную) и визуальную (графическую). Интернет-мем является творением пользователей сети и предлагает онлайн-сообществу определенный подтекст. В работе описан путь его возникновения и развития, а также рассмотрены научные труды, посвященные изучению интернет-мема. Учитывая медийную природу интернет-мемов и отличая их от других видов онлайн-сообщений, определяются факторы, влияющие на их быстрое распространение и популяризацию. Формулируется вывод, что это зависит от качества и конкурентоспособности мема. Понятно, что создание такого интернет-мема требует немалых усилий со стороны автора: интернет-мем должен быть креативным, интересным, а его идея – свежей и оригинальной. В связи с этим был сделан вывод, что одни мемы «живут» в сети длительное время, другие забываются на следующий день, третьи даже игнорируются, а четвертые внезапно «возрождаются» благодаря случайному пользователю.

**Ключевые слова:** интернет-пространство, интернет-мем, креолизованный текст, интернет-коммуникация, интертекстуальность.

**K.S. Yergaliyev**

*Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan  
Pavlodar, The Republic of Kazakhstan*

**N.S. Seitova**

*Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan  
Pavlodar, The Republic of Kazakhstan*

### FEATURES OF THE INTERNET MEME

**Abstract.** The article analyzes one of the tools of internet communication that has gained popularity recently in social networks – the Internet meme. An Internet meme is a unique communicative unit consisting of a two-tiered structure: linguistic (verbal) and visual (graphic). It is a creation of network users that offers a specific subtext to the online community. The work describes the origin and evolution of Internet memes, as well as explores the ideas developed in scientific works. Considering the media nature of Internet memes and distinguishing them from other types of online messages, factors influencing their rapid spread and popularization are identified. Indeed, it depends on its quality and competitiveness. It is clear that creating such an Internet meme requires considerable effort from the author: the Internet meme must be creative and interesting, and its idea should be fresh and original. In connection with this, the conclusion was drawn that some memes “live” on the Internet for a long time, others are forgotten the next day, some are even ignored, while others suddenly “resurge” thanks to a random user.

**Keywords:** Internet space, Internet meme, creolized text, Internet communication, intertextuality.

#### Авторлық үлестер

**Ерғалиев Қ. С.** – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

**Сейтова Н. С.** – қаржыландыруды алу, хат жазу – бастапқы жоба, визуалдау.



2 БӨЛІМ.  
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

РАЗДЕЛ 2.  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОВ


SECTION 2.  
METHODS OF TEACHING LANGUAGES

УДК 82.01(574.25)  
МРНТИ 17.01.45

[DOI: 10.52301/2957-5567-2024-1-81-89](https://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-1-81-89)


**М.К. Каирова**

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан  
Павлодар, Казахстан*

 <https://orcid.org/0000-0001-9258-8793>  
*email: kairova\_mk@mail.ru*

**А.В. Овчинникова**

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан  
Павлодар, Казахстан*

 <https://orcid.org/0000-0001-7793-6083>  
*email: sasha21.pvl@gmail.com*

**РАБОЧАЯ ТЕТРАДЬ КАК СПОСОБ ОРГАНИЗАЦИИ ИЗУЧЕНИЯ  
ТВОРЧЕСТВА П. ВАСИЛЬЕВА НА ФАКУЛЬТАТИВНЫХ ЗАНЯТИЯХ  
ПО ЛИТЕРАТУРНОМУ КРАЕВЕДЕНИЮ**

**Аннотация.** Данная статья посвящена проблеме изучения литературного творчества Павла Васильева на факультативных занятиях по литературному краеведению Павлодарского Прииртышья в школе. В статье представлена разработанная тетрадь по творчеству Павла Николаевича Васильева; дано описание принципов, по которым создавалась концепция тетради, подбирались произведения для анализа и сами задания. Авторы называют преимущества данного метода работы на факультативном занятии: доступность, универсальность, гибкость в использовании, проявление креативности учителя и учащихся. Авторы указывают на актуальность данного вопроса в связи с повышающимся интересом к изучению местного литературного наследия и направлением этой работы на патриотическое воспитание молодого поколения. Настоящая статья может быть полезна для методистов, практикующих педагогов русского языка и литературы и студентов педагогических специальностей.

**Ключевые слова:** литературное краеведение, П. Васильев, рабочая тетрадь, факультативные занятия, литература Павлодарского Прииртышья.

**Конфликт интересов:**

Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**История статьи:**

Дата поступления: 16.11.2023

Дата приёма в печать: 04.01.2024

### Введение

В патриотическо-воспитательной работе современных казахстанских школ можно проследить тенденцию к сближению школы с областью, регионом, к которой она относится. Этот процесс мы видим и в Павлодарской области: актуализируется краеведческая работа, направленная на разные области жизни края – историю, географию, художественное и музыкальное творчество и, конечно, литературу. К примеру, мы наблюдаем, что сайт Павлодарской областной универсальной научной библиотеки имени С. Торайгырова представляет десятки новостей о тех или иных творческих встречах с учащимися (за апрель 2023 года было анонсировано свыше 15 мероприятий, связанных с литературой).

В Павлодарском педагогическом университете студенты, будущие учителя, осваивающие специальности гуманитарного направления, такие как русский язык и литература, казахский язык и литература, история, проходят курс исторического и литературного краеведения, тем самым осваивая minor программу с возможностью вести этот предмет в школе как факультатив. Краеведение – предмет не универсальный, каждый регион страны должен обладать учебными пособиями и методическими наработками для работы с локальным материалом литературы, истории, искусства и т.д. На данный момент Павлодарская область нуждается в качественных учебниках, учебных пособиях по литературному краеведению для школ. Таким образом, актуальным направлением научно-методических разработок является создание учебных пособий, тетрадей по краеведению.

Особый интерес мы испытываем к проблеме именно литературного краеведения, освоения творческого наследия писателей и поэтов Павлодарского Прииртышья. Одним из крупнейших имен в литературной истории нашей области является имя поэта Павла Васильева. Цель настоящей работы – создать рабочую тетрадь для изучения творчества Павла Васильева.

Задачи:

1. Определить концепцию тетради, соответствующую и в достаточной степени раскрывающую все значимые, с точки зрения краеведческой работы, черты творчества П. Васильева;
2. Подобрать произведения П. Васильева, соотносящиеся с выбранной концепцией;
3. Составить задания по выбранному произведению с учетом общей тематики рабочей тетради, универсальные, подходящие для школьников разных возрастных групп.
4. Оформить рабочую тетрадь, сделав ее удобной, лаконичной, привлекающей внимание учащихся и мотивирующей их на изучение материала.

### Материалы и методы

Материалом данной статьи послужила методическая разработка – рабочая тетрадь по творчеству Павла Васильева.

Выбор формата разработки – рабочая тетрадь – не случаен, обусловлен рядом преимуществ: 1) Это гибкий конструктор, который предоставляет возможность учителю контролировать количество и уровень сложности заданий, формировать

блоки заданий по своему усмотрению; 2) Рабочая тетрадь может быть полем для проявления креативности учащихся и учителей, ведь она позволяет творчески подходить как к созданию заданий, так и к их выполнению; 3) Современный уровень технологий делает процесс создания подобных материалов легким и не требует финансовых затрат.

Изучив современные работы лингвистов о Павле Васильеве и его творческом подходе, мы обнаружили, что распространенной является характеристика П. Васильева как «русского азиата», «трансасиатского поэта», «транскультурного» поэта (Темиргазина, 2020), поэта с «евразийским началом» (Хомяков, 2007). Опираясь на этот аспект творчества П. Васильева, мы выбрали концептом рабочей тетради тему масштаба поэта. Мы выделили три «уровня» Васильева как поэта: поэт Павлодарского Прииртышья, поэт казахской степи, евразийский поэт. Для раскрытия данных точек зрения и с учетом возрастных особенностей учащихся нами были включены в рабочую тетрадь стихотворения «Павлодар», «Иртыш», «Мой Казахстан...», «Родительница степь...», «В степях немятый снег дымится» «Послание к Наталии», «Ярмарка в Куяндах».

Для создания максимально эффективного блока упражнений по данной теме мы опирались на систему целей, звучащую в таксономии Блума, т.е. тетрадь предусматривает разноуровневые задания, что поможет вовлечь в работу на уроке как можно более широкий круг учащихся, а также позволит использовать данный материал для классов разной возрастной категории.

Также особенностью этой тетради является использование работ павлодарского художника Виктора Федоровича Поликарпова, который выражает большую любовь к творчеству поэта как художник и как человек, сам неравнодушный к родной земле. Он посвящает ему цикл графических работ «К поэзии Павла Васильева»: «В 80-х Поликарпов открыл для себя творчество нашего земляка, поэта Павла Васильева и стал его популяризатором. До начала 90-х Виктор Фёдорович создал серию офортов по мотивам лирики Васильева» (Ковалев, 2018). Помимо этого, Виктор Федорович популяризировал стихотворения поэта: «Когда-то на Павлодарском радио была рубрика «Поликарпов читает Васильева», записано 12 программ. Я пришел и сказал, что хочу влюбить вас в поэзию Васильева!» (Воднев, 2019).

При разработке дизайна тетради нами использовалась онлайн-платформа по созданию инфографики Canva, а также генератор QR-кодов для включения в тетрадь ссылок на дополнительную информацию, что позволяет не включать объемные фрагменты текста и экономить рабочее пространство тетради.

### Результаты и обсуждение

Рабочая тетрадь «П.Н. Васильев. Масштаб поэта» включает в себя титульный лист и 9 рабочих страниц, содержащих 10 заданий. На обложке тетради изображен континент Евразия, что может сразу натолкнуть на идею, заложенную в ней (рисунок 1). Первый рабочий лист (рисунок 2) предназначен для работы с биографией П. Васильева, которая дается учащимся в виде QR-кода, ведущего на сайт «Литературная карта Павлодарского Прииртышья», раздел Персоналии

– Васильев Павел Николаевич. К этой информации предлагается задание: «Прочтите краткую историю жизни поэта и выпишите ключевые моменты», которое направлено на закрепление прочитанного, путем воспроизведения. В двух пустых блоках необходимо записать основные моменты из жизни автора и список его произведений. Также представлен дополнительный вопрос для обсуждения: «Каким интересным фактом о поэте вы бы поделились с товарищами?»




Рисунок 1. Титульный лист




Рисунок 2. Работа с биографией П. Васильева

Следом открывается первый раздел рабочей тетради «П. Васильев – поэт Павлодарского Прииртышья» (рисунок 3). С этой точки зрения предлагается рассмотреть стихотворение «Павлодар», в котором важную художественную функцию выполняет антитеза «старого» и «нового» города. На работу с этой композиционно-смысловой особенностью стихотворения направлено задание «Выделите в тексте стихотворения одним цветом все элементы, которые описывают старый Павлодар, а другим цветом – новый. Нарисуйте вид из окна на старый Павлодар и на новый» (рисунок 4). Если учащиеся внимательно ознакомятся с текстом, то смогут найти такие особенности «старого» Павлодара, как «*Костистые и хриплые телеги*», «*раздвигая камыши, // Почуяв одичавшую свободу, // Нырjali, как тяжёлые ковши, // Рябые утки в утреннюю воду...*», «*Лишь мельницы одни // Махали деревянными руками*»; образ «нового» Павлодара в строках: «*Строительство окраин городских*», «*Как в пламени зари, // Под облачную высоту, // Полынные родные пустыри // Завод одел железною листвою*» (Васильев, 2019, с. 187). Соответственно, в одном окошке они изобразят жизнь города до индустриализации и промышленного строительства, а во втором – после. Здесь же дается второе задание к данному стихотворению: «Запишите, какие эмоции испытывает лирический герой по отношению к прошлому и настоящему облику города? По каким строкам вы это поняли?» Учащиеся должны постараться почувствовать ностальгию лирического

героя по городу своего детства и смирение с новыми «промышленными нуждами страны».

Следующее задание позволит учащимся узнать немного об истории улиц нашего города: «В стихотворении есть названия двух улиц, которых нет на современной карте Павлодара. Назовите их. Прочитайте отрывок из интервью краеведа Э. Соколкина и узнайте об истории переименования этих улиц» (рисунок 5). Это задание на работу со сплошным текстом, умение вычленять нужную информацию и восстанавливать хронологическую последовательность (оно актуально в контексте подготовки к ЕНТ, где отдельным предметом сдается грамотность чтения, требующая навыка работы с текстом). По окончании выполнения этого задания, можно сделать вывод о том, что строка «И в прятки на Потанинской играли?» связана с домом, в котором жил маленький Павел, где ныне располагается дом-музей Павла Васильева. Перейдя по QR-коду, можно посмотреть о нем видео с официального аккаунта музея.



Рисунок 3. Начало раздела «П. Васильев – поэт Павлодарского Прииртышья»




Рисунок 4. Продолжение раздела «П. Васильев – поэт Павлодарского Прииртышья»




Рисунок 5. Продолжение раздела «П. Васильев – поэт Павлодарского Прииртышья»

Завершать этот раздел и работу со стихотворением «Павлодар» мы предлагаем письмом «Мой Павлодар, мой город ястребиный»: «Напишите послание Павлодару (письмо или стихотворение). Опишите в нем те важные места и события, связанные с городом, которые вы будете с радостью и теплотой вспоминать, даже когда вырастаете» (рисунок 6). Это творческое задание позволит развить писательские навыки и раскрыть творческий потенциал школьников.

Второй раздел «П. Васильев – поэт казахской степи» охватывает несколько стихотворений, описывающих любовь поэта к Казахстану и его природе, которая играет большое значение в создании облика страны (рисунок 7). Выполнение задания: «Стихотворения, посвященные Казахстану, П. Васильев писал, будучи далеко от родной земли. Прочитайте стихотворения, найдите в них примеры обращений к Родине и элементам природы. С какой целью поэт использует этот прием?» (на материале стихотворений «Мой Казахстан...», «Родительница степь»,

«Иртыш»). Эта работа позволит учащимся ощутить ту привязанность поэта к своей Родине, казахской степи, с которой он писал свои стихотворения. Здесь они найдут такие обращения, как «Родительница степь», «Мой Казахстан», «Река просторной родины моей», «Иртыш, <...> // Князь рыб и птиц, беглец зеленоводный» и т.д. (Васильев, 2009).




Рисунок 6. Конец раздела «П. Васильев – поэт Павлодарского Прииртышья»



Рисунок 7. Начало раздела «П. Васильев – поэт казахской степи»




Рисунок 8. Продолжение раздела «П. Васильев – поэт казахской степи»

На следующей странице продолжается работа с отрывком стихотворения «Иртыш». Задание направлено на работу с содержанием стихотворения, умением вычленять из текста нужную информацию и видеть художественный образ, создаваемый автором: «Каким способом П. Васильев создает образ реки в стихотворении «Иртыш»? Составьте ассоциативную цитатную схему» (рисунок 8).

Завершает второй раздел рабочей тетради задание на сопоставление лирического произведения с произведением художественного искусства: «Соотнесите иллюстрации В. Поликарпова со стихотворениями П. Васильева. По каким элементам картин вы можете распознать стихотворения?» (рисунок 9) Задание проверяет внимательность учащихся, а также переключается с целью типовой учебной программы по русской литературе: «5.3.2.1 -сравнивать художественное произведение с произведениями других видов искусства, объясняя сходства и различия...» (ТУП, 2022).

Последний раздел тетради «П. Васильев – евразийский поэт» является логическим завершением работы с творчеством поэта (рисунок 10). Учащимся предлагаются следующие описания поэта, которые встречаются в научных статьях и СМИ: «первый евразийский поэт», «русский поэт и казахский акын», «Есенин казахской степи» – и вопрос для размышления: «Как вы понимаете эти высказывания? Подумайте, почему П. Васильева так называют?».

Чтобы убедиться в транскультурном характере поэзии Васильева, предлагается завершающее задание на основе стихотворения «Ярмарка в Куяндах»: «Как в стихотворении сопоставлены казахи и казаки, что их различает и объединяет?»



Ковалев Ф. Васильев жив в стихах и картинах, 2018. URL: <https://lifepvl.kz/2018/08/17/2475/> (дата обращения: 09.06.23).

Темиргазина З.К. Транскультурность и ее проявление в поэтике лирических текстов // Полилингвильность и транскультурные практики, 2020. Т. 18. № 1. С. 29–43.

ТУП (типовая учебная программа) по учебному предмету «Русская литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования (с русским языком обучения). Астана: МОН РК, 2022. 59 с.

Хомяков В.И. Художественная картина мира в творчестве П. Васильева. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Москва: Московский государственный университет им М.В. Ломоносова, 2007. URL: доступа: <https://cheloveknauka.com/hudozhestvennaya-kartina-mira-v-tvorchestve-p-vasilieva> (дата обращения: 09.06.23).

### References

Vasiliev, P.N. (2009). *Sobranie sochineniy v 2-h tomakh T. 1* [Collected works in 2 volumes. Vol. 1.]. Almaty: Dom-muzej Pavla Vasil'eva. (in Russ.)

Vodnev, V. (2019). *Soedinyal kul'tury: vystavka k 110-letiyu Pavla Vasil'eva v Nur-Sultane* [Connected cultures: exhibition dedicated to the 110th anniversary of Pavel Vasiliev in Nur-Sultan]. Retrieved 09 June 2023 from <https://ru.sputnik.kz/20191203/vystavka-poet-yubiley-nur-sultan-rtshk-12194829.html>. (in Russ.)

Kovalev, F. (2018). *Vasil'iev zhiv v stikhakh i kartinakh* [Vasiliev is alive in poetry and paintings]. Retrieved 09 June 2023 from <https://lifepvl.kz/2018/08/17/2475/>. (in Russ.)

Temirgazina, Z.K. Transkul'turnost' i ee proyavlenie v poetike liricheskikh tekstov [Transculturalism and Its Manifestation in the Poetics of Lyric Texts]. *Polilingvial'nost' i transkul'turnye praktiki* 18, 1, 29—43. (in Russ.)

TUP (tipovaya uchebnaya programma) po uchebnomu predmetu «Russkaya literatura» dlya 5-9 klassov urovnya osnovnogo srednego obrazovaniya (s russkim yazykom obucheniya) [SC (standard curriculum) for the subject "Russian Literature" for grades 5-9 at the level of basic secondary education (with Russian as the language of instruction)]. (2022). Astana: MON RK. (in Russ.)

Khomyakov, V.I. (2007) *Khudozhestvennaya kartina mira v tvorchestve P. Vasil'eva*. [Artistic picture of the world in the work of P. Vasiliev]. Avtoref. dis. ... dokt. filol. nauk. Moskva: Moskovskiy gosudarstvennyy universitet im. M.V. Lomonosova. Retrieved 09 June 2023 from <https://cheloveknauka.com/hudozhestvennaya-kartina-mira-v-tvorchestve-p-vasilieva>. (in Russ.)

### М.К. Каирова

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
Павлодар, Қазақстан

### А.В. Овчинникова

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
Павлодар, Қазақстан

## ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ П. ВАСИЛЬЕВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ БОЙЫНША ФАКУЛЬТАТИВТИ САБАҚТАРДА ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

**Аңдатпа.** Бұл мақала мектепте Павлодар Ертіс өңірінің әдеби өлкетану бойынша факультативтік сабақтарды өткізу үшін материалдық-әдістемелік базаның жеткіліксіздігі мәселесіне арналған. Жұмыстың негізгі бөлігі жергілікті авторлардың шығармашылығына арналған жұмыс дәптерлерін құру арқылы осы проблеманы жеңу әдісін сипаттауға



бағытталған. Павел Николаевич Васильевтің шығармашылығы бойынша әзірленген дәптер ұсынылды; дәптер тұжырымдамасы жасалған принциптердің сипаттамасы берілді, талдау үшін жұмыстар мен тапсырмалардың өзі таңдалды. Авторлар факультативті сабақта жұмыс істеудің осы әдісінің артықшылықтарын атайды: қол жетімділік, әмбебаптық, пайдалану икемділігі, мұғалім мен оқушылардың шығармашылығының көрінісі. Авторлар жергілікті әдеби мұраны зерттеуге деген қызығушылықтың артуына және бұл жұмыстың жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге бағытталуына байланысты бұл мәселенің өзектілігін атап көрсетеді. Бұл мақала әдіскерлер, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері мен педагогикалық мамандықтардың студенттері үшін пайдалы болуы мүмкін.

**Түйінді сөздер:** әдеби өлкетану, П. Васильев, жұмыс дәптері, оқыту әдістемесі, Павлодар Ертіс өңірінің әдебиеті.

**M.K. Kairova**

*Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan  
Pavlodar, Kazakhstan*

**A.V. Ovchinnikova**

*Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan  
Pavlodar, Kazakhstan*

#### **WORKBOOK AS A WAY TO ORGANIZE THE STUDY OF P. VASILIEV'S CREATIVITY AT OPTIONAL LESSONS IN LITERARY LOCAL STUDIES**



**Abstract.** This article is dedicated to the study of the literary works of Pavel Vasiliev during optional classes on literary local lore of the Pavlodar Trans-Irtysh region in school. The article presents a developed workbook on the works of Pavel Nikolaevich Vasiliev; it describes the principles according to which the workbook's concept was created, the selection of works for analysis, and the tasks themselves. The authors highlight the advantages of this method for optional classes: accessibility, universality, flexibility in use, and the demonstration of creativity by both the teacher and the students. The authors point out the relevance of this issue due to the increasing interest in studying local literary heritage and the focus of this work on patriotic education of the younger generation. This article may be useful for methodologists, practicing teachers of Russian language and literature, as well as students of pedagogical specialties.

**Keywords:** literary local lore, P. Vasiliev, workbook, optional classes, literature of the Pavlodar Trans-Irtysh region.

#### **Вклад авторов**

